



№69 (19821) 1 қыркүйек, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

ЕРЛАН ҚАРИН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Тынымбайұлы Қарин Қазақстан Республикасының Вице-президенті болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды. Вице-президент лауазымына Ерлан Қариннің кандидатурасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынды. Оның кандидатурасын Құрылтай депутаттары қолдап, жаңа қызметке тағайындалуына келісім берді. Ерлан Қарин осыған дейін мемлекеттік кеңесші, Президент әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары қызметтерін атқарған.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ЛАУАЗЫМЫНА ҚАЙТА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Олжас Бектеновтің кандидатурасын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынды. Құрылтай депутаттары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Олжас Бектеновті Премьер-министр лауазымына тағайындауына келісім берді. Олжас Бектенов 2024 жылғы 6 ақпаннан бастап Премьер-министр қызметін атқарды.

АИДА БАЛАЕВА ҚАЗАҚСТАН ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Аида Балаева 2023 жылғы 2 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі қызмет атқарды. Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін жаңа мемлекеттік орган ұлттық қауіпсіздікті, заң мен тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерімен айналысады.

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БІРІНШІ ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті Құрылтай депутаттары, Үкімет мүшелері! Қадірлі қауым!

Баршаңызға бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясының ашылуы құтты болсын!

Бүгін еліміз өзінің даму жолында аса маңызды кезеңге аяқ басты. Бұл – мемлекетіміз үшін мән-мағынасы айрықша оқиға, тарихи сәт. Біз ұлт жылнамасының жаңа парағын ашып отырымыз.

Бүгін жалпыұлттық референдум кезінде Қазақстан халқы қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес еліміздің бір палаталы заң шығарушы органы – Құрылтай ресми түрде өз жұмысына кіріседі. Бұл – мемлекетіміздің саяси жүйесінің жаңару үдерісі дәл осы күннен бастау алады деген сөз.

Төл тарихымызға зер салсақ, Құрылтайда мемлекеттік маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланып, ортақ шешімдер қабылданған. Бұл институттың жаңа кезеңде де жөні бөлек болары анық. Себебі Құрылтай билік жүйесін түбегейлі жаңғыртады, бүкіл мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін береді. Құрылтай ұлттық заңнама сапасын арттыру арқылы еліміздің құқықтық негізін нығайта түседі.

Осы тарихи миссияны атқару сіздерге жүктеліп отыр. Құрылтайдың бірінші шақырылымының депутаты болу – ең алдымен, ерекше сәт. Бұл – үлкен бақыт деп айтсақ, қате болмас. Осы аса әбйорлы атқа сай лайықты қызмет етесіздер деп сенемін!

Азаматтар елімізде жүзеге асып жатқан ауқымды өзгерістерді жаппай қолдауда. Мұны Құрылтай сайлауы айқын аңғартты. Осы науқанға азаматтарымыздың 74 пайыздан астамы қатысып, дауыс берді. Халқымыз ел тағдырына әсер ететін тарихи таңдауын жасады. Жұртымыз бұл іске зор жауапкершілікпен қарап, қоғамымыздың ауызбіршілігін паш етті. Осылайша, ел бірлігінің мызғымас тірегіне айналған «Әралуан пікір – біртұтас ұлт» қағидаты нақты жүзеге асты.

Құрылтай сайлауына шетел азаматтарының қызығушылығы өте жоғары болды. Қазақстанға беделді халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттен 800-ге жуық байқаушы келді. Бұл – ұлттық парламентаризм тарихындағы ең жоғары көрсеткіш.

Сайлау ашық әрі әділ өтті, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бүгінде азаматтарымыз саясатқа оң көзбен қарап, қоғамдық істерге белсене араласатын болды. Бұл – жақсы үрдіс. Мұны жұртшылықтың депутаттарға қоятын талабы әрдайым жоғары болады деп түсінген жөн.

Қазіргі заман құр уәденін, жалған сөз бен жалған ұранның уақыты емес. Біздің қоғам кемелдене бастады. Ел ішінде кәсіби Парламентке деген сұраныс артқанын көріп отырмыз. Құрылтайға білікті мамандардың келуі – осының айқын дәлелі. Өрине, бәсекенің аты – бәсеке. Біреу ұтады, біреу ұтылады. Алайда елімізде өз пікірін білдіруге, өз көзқарасын айтуға неше түрлі тетік бар. Заңымызға сай келетін түрлі мардымды пікірлер, ұсыныстар неғұрлым көп айтылса, елімізге де соғұрлым тиімді болады, нақты пайдасы тиеді.

Жалпы, бұл сайлаудың мәні де, мазмұны да өзгеше болды. Себебі өткен сайлау ең алдымен Қазақстандағы саяси алуандықтың жаңа сапалы деңгейге көтерілгенін байқатты. Партиялар өзінің әлеуетін толық көрсетті. Өз бағдарламасын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп, жеткізе білді. Науқанға қатысқан барлық партияның ұсыныстары жұртшылықтың назарын аударды, қоғамдық өмірге үлкен серпін берді. Көптеген байқаушылар партиялардың арасында ашық бәсеке болғанын айтты.

Шын мәнінде, әр партияның өз бағдары, ұстанымы және идеологиясы бар. Науқан барысында олардың қоғамдағы рөлі, саяси жүйедегі орны айқындала түсті. Мұны Құрылтай сайлауының негізгі жетістігі деп бағалауға болады. Осындай оң өзгерістердің арқасында Қазақстандағы саяси-қоғамдық мәдениет үнемі дамып, жетіліп отырады.

Болашақта партиялардың билік жүйесіндегі ықпалы да күшейе түседі. Әр науқан сайын олардың рөлі арта бермек. Сондықтан партиялар алған бағыттарынан таймай, сайлаушылармен жұмысты жалғастыра беруі керек. Сонда ғана саяси ұйымдардың беделі күшейе түседі. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, пар-



Қымбатты отандастар! Құрметті жиынға қатысушылар!

тиялар ұсынған бағдарламалардың мазмұнына ерекше тоқталғым келеді. Бұл құжаттарда тың идеялар, тиімді ұсыныстар бар. Оның бәрі де алдағы жұмыс барысында мұқият сараланады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін ең ұтымды шешімдер Үкіметтің жұмысында ескерілуге тиіс.

Сайлауда «Әділет» партиясы басым дауыспен жеңіске жетіп, Құрылтайда конституциялық көпшілікті құрап отыр. Сондықтан «Әділет» партиясына қойылатын талап та, артылатын үміт те, сенім де аса жоғары. Осы орайда, қоғамды ортақ мүддеге ұйыстырып, реформалардың қозғаушы күші болу өте маңызды. Бұл міндет ойдағыдай орындалады деп сенемін.

Жалпы, Құрылтайдың алғашқы құрамына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Депутаттар халықтың аманатына адал болып, мемлекет мүддесіне қызмет етуі керек. Бұл – анық ақиқат. Мұны ешқашан естен шығармау қажет.

Қазіргі таңда еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Қазақстан жаңа өрлеу кезеңіне қадам басты. Биыл еліміздің болашағы үшін мән-маңызы зор көптеген тарихи оқиғалар болды. Халқымыз аз уақыт ішінде бір ұлт болып көп жұмыс атқарды. Елімізде жалпыұлттық референдум арқылы ауқымды конституциялық реформа табысты жүзеге асырылды. Осылайша, біз нағыз Халық Конституциясын қабылдадық.

Жаңа Конституцияның өз күшіне енуін төл тарихымыздағы аса маңызды бетбұрыс деп бағалауға болады. Соның нәтижесінде өсіп-өркендеуімізге жол ашатын мықты заңды негіз қалыптасты. Қазіргі заманның сын-қатерлеріне төтеп бере алатын мүлде жаңа саяси-құқықтық жүйенің іргетасы қаланды. Бұл жүйе мемлекет құрылымын толық жаңғыртып, билік институттарының тиімділігін арттырады, сондай-ақ, азаматтарымыздың ел басқару ісіне атсалысуына нақты мүмкіндік береді.

Реформаның арқасында тарихи тамыры тереңде жатқан Құрылтай ұғымы қайта жаңғырды. Ата-бабамыз ел тағдыры шешілетін сындарлы сәттерде Құрылтай шақырған. Мысалы, Талас құрылтайы алып империя – Алтын орданың құрылуына себепкер болды. Ал Ордабасы құрылтайы қиын-қыстау кезеңде барша қазақты бір байрақтың астына жинады.

Бұл ұғым Ұлы даладағы парламентаризм институтының жылнамасы тереңде екенін айғақтайды. Сондықтан заң шығарушы органға Құрылтай деген атау бердік. Бұл – өткенді көксеу емес. Бұл – тарихи сабақтастықты сақтау, саяси дәстүрді заманауи басқару жүйесімен ұштастыру деген сөз. Құрылтай ұғымы халқымыздың өткенін, бірегей болмысын және жарқын болашаққа деген ұмтылысын айшықтайды.

Біз ескелең ұрпақтың игілігі үшін ынтымағы жарасқан, Заң мен тәртіп үстемдік құрған Әділетті, Қауіпсіз, Таза және Күшті Қазақстанды құрып жатырмыз. Алда ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сіздер осы миссияны іске асыруға белсене атсалысып, ең алдымен ұлттың, жалпы халықтың мүддесіне адал қызмет етесіздер деп сенемін.

Өлемдегі оқиғалар тасыған селдей жүйесіз, бейберекет сипатқа ие, алдымызда не боларын болжаудың өзі қиын. Бұл катаклизмдерден елдер мен халықтардың ешбірі тыс қалған жоқ. Мемлекеттердің, әсіресе ірі елдердің арасындағы сенімге селкеу түсті. Бұл БҰҰ мен оның институттарының қызметіне зардабын тигізуде. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі жаһандағы жене аймақтардағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау миссиясын атқара алмай отыр.

Осы аласапыранда өңірлік халықаралық ұйымдар алға шығып, олардың рөлі айтарлықтай артты. Өлемдік аренада «Орта державалар» деп аталатын мемлекеттер бой көрсете бастады. Қазақстан да аталған санатқа кіреді.

Сонымен қатар тұрлаусыз өлемде салыстырмалы түрде жаңа үдеріс белең алды. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарыштап дамуда. Бұл үдерістің түптің түбінде қайда апарып соғары беймәлім, тіпті, қазіргі нәтижелердің өзі екіұдай пікір тудырады. Кейде мұны осы технологияны ойлап табатындар да түсіне бермейді.

Мәселен, таяу келешекте ядролық қарудың орнын жасанды интеллект құралдары алмастыруы мүмкін деген болжам айтылды. Мұның бәрі өлемнің дамуы заңдылық пен қисыннан ада екенін көрсетеді. Ал оның зардабын келешек ұрпақ тартады.

Өлемде жаңа тәртіп қалыптасып жатыр. Ол кереғар сипатқа ие: бір жағынан – қауіпті, зиянды, келешегі бұлыңғыр, ал екінші жағынан – ілгері, технологиялық, перспективті әрі адамзат тарихындағы елеулі бетбұрыс саналады. Мұндай жағдайда экономика, ғылым, әскери-дипломатия салаларында өзінің егемендігін нақты іспен қорғап, нығайтуға қауқарлы, ең маңыздысы, адам әлеуетін дамытатын мемлекеттер ғана жаңа дәуірге бейімделетіні баршаға түсінікті.

Дәл осы себепті мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту стратегиялық тұрғыдан маңызды. Мақтангершілік емес, әділін айтсақ, біз жүргізіп жатқан ауқымды реформалардың қарқыны алдағы уақытта үдей түспесе, бәсеңдемейді. Қарапайым тілмен айтқанда, артқа шегінер жол жоқ. Бұл – елеулі жетістік.

Қазақ елінде жүргізіліп жатқан реформалардың күн тәртібінде қазіргі, тіпті келешектегі ықтимал жаһандық сын-қатерлер мейлінше ескерілген. Бұл – аса маңызды. Басқаша айтқанда, сол сынақтарды еңсеру үшін алдын алу шаралары қабылданады.

Экономикада іргелі реформалар қолға алынды. Азаматтардың әл-ауқатын арттыру басты міндет ретінде белгіленді. Индустрияландыру қарқын алып, экономиканың жаңа өндірістік негізі айқындалып келеді.

Мемлекет және шетелдік инвесторлар құйған қомақты қаржының нәтижесінде барлық өңірде жаңа өндіріс нысандары мен мыңдаған жұмыс орны ашылып жатыр.

Қазақстанда халық тұрмысы мен экономикалық өсім үшін аса қажетті коммуналдық, көлік, энергетика және су инфрақұрылымдарын жаңғырту үдерісі басталды.

Сіздер, депутаттар, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары кезінде ел ішін аралап, Қазақстанның бірте-бірте алып құрылыс алаңына айналып келе жатқанына куә болдыңыздар. Алайда үлкен құрылысқа қомақты инвестиция қажет. Мемлекет те бұдан тыс қалмауға тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ұзақмерзімді пайдасы бар стратегиялық маңызды жобаларды қаржыландыру, соның ішінде Ұлттық қордан қаржы бөлу жоспарланып отыр. Қаражат онды-солды, мақсатсыз жұмсалмайды. Мұндай қауесетті еш нәрседен хабарсыз, ниеті теріс адамдар таратады.

Кез келген қордың, әсіресе, Ұлттық қордың тиімділігі, ең алдымен, келер ұрпақтың игілігі жолындағы зор табысқа, нақты нәтижеге қол жеткізумен өлшенеді.

Ұлттық қордың пайдасын балаларымыз көріп отыр. Олардың есепшотына қомақты қаражат аударылып жатыр (Жақында ұстаздар алдында сөйлеген сөзімде оның мөлшерін айттым). Келешекте өскелең ұрпаққа қызмет ететін заманауи, сапалы инфрақұрылымды дамытуымыз керек.

Басқаша айтқанда, еліміздің алдағы ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы дамуына берік негіз қаланады. Мемлекетіміздің іргесі де осы игі істердің арқасында беки түседі. Бұл мәселеге Қазақстан халқына арнаған Жолдауымда кеңірек тоқталамын.

Біздің қалағанымыздай жедел болмаса да, еліміз ғылымды, озық цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің дамытуға ден қойып, инновациялық өркендеу жолына бағыт алды.

Біз әлеуметтік мемлекет ретінде азаматтардың әлеуетін арттыруға әрдайым баса мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және креативті индустрия саласын жан-жақты дамытуға айрықша назар аударамыз. Мемлекет мақсатшыл, табанды, еңбекқор адамдарға әрдайым қолайлы жағдай жасайды.

Біз жастарға еңбек пен тәртіптің қаншалықты маңызды екенін түсіндіріміз керек. Себебі, бұл – табысқа жетудің көзі. Азаматтарымыз жаңа дәуірде құқықтық сауатсыздық, әлеуметтік масылдық, женсіз сөз бен орынсыз сынның еш пайдасы жоқ екенін білуі қажет. Мұның бәрі – еліміздің өсіп-өркендеуіне бөгет болатын кедергілер.

Саликалы ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ісіне айрықша мән беру керек. Мен бұл туралы Тамыз конференциясында арнайы айттым. Енді осы мәселеге Құрылтай қабырғасында қайта оралғанды жөн көріп отырмын. Ұлттың жадын күмәнді деректермен, бұрмаланған мәліметтермен улауға болмайды. Мұндай әрекет өткен күнге деген сенімді, келешекке деген үмітті әлсіретеді.

Біздің төл тарихымыз бен әдебиетіміз шетшегі жоқ нәубет пен азапқа толы жылдардың жылнамасы емес. Өрине, біз өз тарихымыздағы қиын-қыстау кезеңдерді ешқашан ұмытпаймыз. Алайда халқымыздың басынан өткен қайғы-қасіретті ұлттық болмысымыздың арқауы етуге болмайды. Себебі ұлт тарихы тек жеңіліс пен сәтсіздіктерден тұрмайды, төл шежіремізде жарқын жеңістер мен жетістіктер аз болған жоқ.

Сондықтан жалпы әлем тарихына, басқа халықтардың тарихымен қатар, өз тарихымызға да үстірт және жеңіл-желпі, біржақты қарауға болмайды. Тарих өкпе-ренішпен емес, ұлт мүддесін көздеген шынайы көзқараспен жазылуға тиіс. Бұл – ең алдымен өскелең ұрпақ үшін қажет дүние. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз мұны жақсы түсінеді деп ойлаймын.

Бүгінде еліміздегі қоғамдық өмірдің барлық саласы реформаланып, бірегей инновациялық стандарттар мен тәсілдер қолданылуда. Мемлекеттік институттар мен экономикада ғана емес, ең маңыздысы, азаматтық сана-сезім мен ұлт менталитетінде байыпты әрі ауқымды жаңғыру үрдісі жүріп жатыр.

Соғыстан, дағдарыстан және қырғи-қабақ қатынастан көз ашпаған қазіргі өлемде мұндай жүйелі қоғамдық трансформацияның өзін бірегей тәжірибе деп атауға болады. Бірде-бір аймақта мұндай үлгі етер мысал жоқ.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА

ЖАҢАРҒАН ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛЫ - ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Абай облысында Дегелең теміржол вокзалын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметінің мәліметінше, нысан Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында еліміздегі теміржол вокзалдарын жаңғырту бағдарламасы бойынша жаңартылды.

Өткен аптада Курчатов қаласындағы қайтадан салынып, толық жаңартылған Дегелең темір жол вокзалы салтанатты түрде ашылды. Ашылу рәсіміне облыс әкімі Берік Уәли қатысты.

**Ай-Көркем Мақыш,
«Semei tañu»**

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, темір жол вокзалын реконструкциялау бағдарламасы аясында толық жөндеуден өткен Дегелең вокзалының аумағы 85 шаршы метрден 300 шаршы метрге дейін ұлғайтылған. Ішкі кеңістік жаңартылып, құту залдары мен жолаушыларға қызмет көрсету орындары заманауи талаптарға сай жабдықталған. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін нысанның қолжетімді болуына ерекше көңіл бөлініпті. Жалпы, станцияда 190 адам еңбек етеді. Аймақ басшысы жаңа кейіпке енген вокзалдардың тұрғындар үшін маңызы зор екенін атап өтті.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің көлік және логистика саласының әлеуетін арттыруға, темір жол инфрақұрылымын жаңғыртуға және жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға ерекше мән беріп келеді. Осы міндеттерді іске асыру мақсатында облыста 10 темір жол вокзалын жаңғырту жұмыстары қолға алынған болатын. Маусым айында елімізде алғаш болып облысымыздағы екі вокзал, яғни Бородулиха ауданындағы Ауыл және Белағаш станциялары толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Жақын күндері Мақаншы ауданында Жалаңашкөл, Жарма ауданында Шар, Жарма, Үшбик стан-



цияларының жаңартылған темір жол вокзалдарын ашамыз. Семей, Аягөз қалалары мен Ақтоғай кентіндегі темір жол вокзалдарын қыркүйек айында пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Аталған жобалардың негізгі мақсаты – тұрғындар мен жолаушыларға барынша қолайлы орта қалыптастыру, қауіпсіздік деңгейін арттыру және темір жол қызметін заманауи талаптарға сәйкестендіру. Бүгін ашылып отырған Дегелең вокзалы – осы ауқымды жұмыстардың нақты нәтижелерінің бірі. Бұл вокзалдың бұрын тар, ескі болғанын білесіздер. Қазір аумағы кеңейтіліп, перрондары ұзартылып, ғимарат толық бұзылып, қайта салынып, жаңа кейіпке енді. Жаңадан салынған вокзал Курчатов қаласының тұрғындарына және осы өңір арқылы қатынайтын жолаушыларға сапалы әрі қолайлы қызмет көр-

сететін маңызды нысанға айналады деп сенемін, – деді Берік Уәли.

Жиында «Қазақстан Темір жолы» ҰК АҚ вокзал шаруашылық дирекциясы облыстық филиалы директорының орынбасары Нұрлан Әзімханов сөз алып, теміржолшылар мен қала тұрғындарын жаңа вокзалдың ашылуымен құттықтады.

- Осы уақытқа дейін жолаушыларға 1957 жылы салынған, өбден ескіріп, халыққа тиісті деңгейде қызмет көрсете алмайтын нысанның қолайсыздықтарына төзуге тұра келді. Үкімет пен облыс әкімдігінің қолдауымен ғимарат адам танымастай өзгерді. Жақын арада станция тұрақты пайдалануға және халыққа қызмет көрсетуге «Магистральдық желі» кәсіпорнының Семей бөлімшесіне тапсырылады. Баршаңызды бүгінгі қуанышты сәтпен құт-

тықтаймын! – деді «Қазақстан Темір жолы» ҰК АҚ вокзал шаруашылық дирекциясы облыстық филиалы директорының орынбасары Нұрлан Әзімханов.

Станция арқылы Өскемен - Астана, Семей - Астана, Алматы - Павлодар және Семей - Ақтау бағыттарындағы жолаушылар пойыздары қатынайды.

Дегелең вокзалының жаңаруы Курчатов қаласын кешенді дамыту жұмыстарымен сабақтасып отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қала ғылым қалашығы ретінде дамып келеді. Соңғы жылдары қараусыз қалған тұрғын үйлерді қалпына келтіру, көшелерді жөндеу, аулаларды абаттандыру, әлеуметтік нысандарды жаңғырту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Школьная көшесіндегі қалпына келтірілген үйден әлеуметтік осал санаттағы 30 отбасыға баспана берілді. Жаңа әлеуметтік нысандар да пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы мен заманауи Жастар орталығы ашылып, №2 мектеп жаңартылды. Қалалық ауруханада жөндеу жұмыстары жүргізіліп, медициналық мекеме жаңа құрал-жабдықтармен кезең-кезеңімен қамтамасыз етіліп келеді.

Курчатовтың экономикалық әлеуетін арттыру бағытында да маңызды жобалар қолға алынған. Соның бірі – қуаты 700 мегаватт болатын жаңа конденсациялық электр станциясының құрылысы.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Жаңасемей ауданының Приречное ауылдық округінде жаңа кірпіш зауытының құрылысы басталды. «TANGSOLPAN» ЖШС жүзеге асыратын жобаның іргетасын қалау рәсіміне Абай облысының әкімі Берік Уәли мен «Таңшолпан» ЖШС бас директоры Хажай Тұрсынғазы қатысты.

КІРПІШ ЗАУЫТЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

**Ай-Керім Жақып,
«Semei tañu»**



Жаңа өндіріс орны аудан экономикасын дамытуға, өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға және жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Салтанатты іс-шарада облыс әкімі Берік Уәли жаңа кәсіпорынның маңызына тоқталды.

- Бүгін біз облысымыздың құрылыс индустриясын одан әрі дамытуға жол ашатын маңызды инвестициялық жобаның басталуына куә болып отырмыз. Жаңасемей ауданының Приречный ауылдық округінде «Таңшолпан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кірпіш зауытының құрылысы басталғанына қуаныштымыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құрылыс индустриясы экономиканың маңызды бағыты екенін айтып, жергілікті өнім көлемін арттыру қажеттігіне үнемі назар аударып келеді. Президент Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаты сайлауынан соң бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне берген сұхбатында: «Қазақстан үлкен құрылыс алаңына айналуы керек. Әр облыс орталығында немесе аудандар мен қалаларда ірі құрылыстар жүргізіледі», – деп айрықша атап өткен болатын. Бүгінде Абай облысында экономиканы әртараптандыруға, өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыруға және жергілікті жерде бәсекесіз қабілетті өнім өндіруге ерекше мән беріледі. Қазіргі таңда облыста бюджет қаражаты есебінен 22 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. Президенттің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Абайға құрмет» акциясы аясында Семей қаласында көптеген ғимарат салынып жатыр. Осы орайда облысымыз үшін құрылыс материалдарын өндіру саласының маңызы зор. Өңірде құрылыс қарқыны артқан сайын сапалы әрі қолжетімді отандық өнімге деген сұраныс та өсіп келеді. Жаңа зауыт соңғы үлгідегі заманауи, цифрлық технологиялармен жабдықталады. Мұнда жергілікті азаматтар жұмыс істейтін болады. Жаңа кәсіпорын ауданның дамуына серпін, тұрғындарға берекелі өңбек, өңірімізге мол өнім әкелсін, – деді Берік Уәли.

Қытайлық серіктестермен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаның жалпы инвестициялық құны – 1,5 миллиард теңге. Үш гектар аумақта орналасатын кәсіпорында тәулігіне 100 мың данаға дейін кірпіш өндіру жоспарланған. Зауыт төрт түрлі кірпіш шығарады. Ал жылдық өндірістік қуаты 36,4 миллион дана болады. Жаңа зауыт өңірдің құрылыс материалдарына деген қажеттілігін өтеуге, жергілікті өндіріс көлемін арттыруға және сырттан жеткізілетін өнімге тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Қазір құрылыс алаңында 25 жұмысшы мен 5-10 арнайы техника жұмылдырылған. Құрылыс-монтаж жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес қарқынды жүргізілуде. Қажетті контейнерлер орнатылып, электр желілерін тарту және нысанды сумен қамтамасыз ету үшін ұңғымалар бұрғылануда.

Жаңа өндіріс орнының салынуын аудан тұрғындары да қуанышпен қабылдап отыр.

- Бүгін ауданымыз үшін қуанышты күн. Себебі шет елден инвестиция тартып, ең алғашқылардың бірі болып, ауданымызға технологиясы жаңарған, заманауи үлгідегі кірпіш зауыты салынғалы отыр. Қаншама жұмыс орындары ашылып, халық игілігіне қызмет етеді. Аудан жұртшылығы атынан алғыс айтамыз, – деді Жаңасемей ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы Қасен Сейітқасымов.

Қазіргі уақытта негізгі құрылыс-монтаж жұмыстарына дайындық шаралары жүргізілуде. Кәсіпорын 2027 жылдың сәуір айында пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Жоба іске қосылған кезде 25 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Бұл жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып қана қоймай, ауданның іскерлік белсенділігін арттыруға да ықпал етпек.

Жаңа кірпіш зауыты – өңірімізде соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан өндірістік жобалардың бірі. Өңірде инвестиция тарту және жаңа өндірістерді іске қосу бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасуда. Биыл Аягөз ауданында жылдық қуаттылығы 250 мың тонна мыс кенін өңдеуге мүмкіндік беретін «Sarybulak Operating» компаниясының байыту фабрикасы іске қосылды. Сонымен қатар өңірде «SUTO Kazakhstan» индустриялық паркі, құны 7,7 миллиард теңгені құрайтын «Eurasia AgroSemei» өт өңдеу кешені, 7,1 миллиард теңгелік «Qazaq Astyq Group» құнбағыс майын терең өңдеу өндірісі және басқа да ірі жобалар жүзеге асырылуда. Биылдың өзінде жалпы құны 34,6 млрд теңгені құрайтын 14 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 598 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл өңірдің инвестициялық әлеуетінің тұрақты артып келе жатқанын және инвесторлар үшін қолайлы жағдай қалыптасқанын айқын көрсетеді.

ЖАҢАСЕМЕЙ

МАЛ БОРДАҚЫЛАУ АЛАҢЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Облыс әкімі Берік Уәли Жаңасемей ауданының Приречный ауылы маңында салынып жатқан мал бордақылау алаңына барып, жобаның іске асырылу барысымен танысты.

Жоба бір мезгілде 5 мың бас ірі қара малды бордақылауға арналған. Инвестиция көлемі – 1,9 млрд теңге. «Eurasia Agro Semei» ЖШС құрылтайшысы Ерлан Мұқашевтің айтуынша, құрылыс кезеңінде 250 адам, нысан іске қосылғаннан кейін 200 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

- Бордақылау алаңының құрылысын былтыр бастағанбыз. Берген уәдемдізді орындаймыз. Қазіргі уақытта үш цех салынды. Техникалар алынды. Облыстың барлық аумағынан мал сатып алатын боламыз. Осылайша, өңірде ет кластерін қалыптастырамыз, – деді ол.

Аймақ басшысы бұл жобаның Жаңасемей ауданында қалыптасып келе жатқан агроөнеркәсіптік өндіріс тізбегінің маңызды бөлігі екенін атап өтті.

- Бұл бордақылау алаңы Достық ауылдық округінде салынып жатқан, жылдық қуаты 11,5 мың тоннаға жуық ет комбинатын бордақыланған ірі қара малмен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни, мал өсіруден бастап оны бордақылау мен өңдеуге дейінгі жұмыстар бір аумақта өзара сабақтасады. Жұмыс барысын өз көзіммен көрейін деп арнайы келіп отырмын. Ет комбинатының да құрылысы аяқталуға жақын. Алдағы бір айдың ішінде толық іске қосылуы тиіс. Бордақылау алаңының да жұмыс қарқынын төмендетпеу қажет. Мұндай жобалар ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірдің аграрлық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді, – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі шаруашылыққа қарасты жайылымды көріп, жүгері алқабында болды.

ТАҒАЙЫНДАУ

БЕРІК ТЕРЛІКБАЕВ - ЖАРМА АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

Аймақ басшысы Берік Уәли Жарма ауданының активіне ауданның жаңа әкімін таныстырды.



Жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына тиісті өзгерістер енгізілді. Аталған өзгерістерге сәйкес облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар әкімдерін сайлау институты жойылды. Қазіргі уақытта облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың әкімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыс әкімдері тиісті мәслихаттардың келісімімен тағайындайды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 25-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президент Әкімшілігінің, Жарма ауданы мәслихат депутаттарының келісімімен және облыс әкімінің өкімімен Жарма ауданының әкімі лауазымына Берік

Серікқанұлы Терлікбаев тағайындалды.

- Жарма ауданы – Қалба тауының сілемінде, тоғыз жолдың торабында орналасқан қасиетті де құтты мекен. Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік орны бар, стратегиялық маңызы жоғары аудандардың бірі. Жарма ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту мәселелері біздің тұрақты назарымызда. Өңір экономикасын нығайтып, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытында нақты жұмыс жасауымыз қажет. Бұл жұмыстардың бәрін жүйелі жолға қойып, мемлекеттік бағдарламаларды сапалы және лайықты жүзеге асыру аса маңызды жұмыс екені сөзсіз. Берік Серікқанұлын өздеріміз жақсы білеміз. Тәжірибесі жеткілікті. Биылғы 12 мамырдан бастап аудан әкімінің орынбасары, аудан әкімінің міндетін атқарушы қызметін атқарды. Осы кезеңде ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен жақсы танысып, өзінің тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді. Сондықтан артылған сенімді ақтап, Жарма ауданы жұртшылығымен бірлесіп отырып, осы ауданның одан әрі дамуына, гүлденуіне бар күш-жігерін салып, аянбай қызмет етеді деп сенемін, – деді Берік Уәли.

Берік Серікқанұлы Ұржар ауданының Қарақол ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын жұмысшы болып бастап, кейін кәсіпкерлік және мемлекеттік қызмет салаларында еңбек етті. Алғез ауданында экономика, салық, статистика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бағыттарында жауапты қызметтер атқарды. Көп жыл бойы статистика саласында басшылық қызметтерде еңбек етті. Шығыс Қазақстан облысы бойынша статистика басқармасы басшысының орынбасары, Ұлттық статистика бюросының Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің, кейін Абай облысы бойынша департаментінің басшысы болды. 2026 жылғы 12 мамырдан бастап Жарма ауданы әкімінің орынбасары, аудан әкімінің міндетін атқарушы қызметін атқарды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

Ұржар ауылындағы әуежай терминалын жаңғырту - өңірдің көлік инфрақұрылымын жетілдіру бағытындағы маңызды жобалардың бірі. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес қолға алынған жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

ӘУЕЖАЙ ТЕРМИНАЛЫ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР



Жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін әуежайдың жолаушыларға қызмет көрсету мүмкіндігі едәуір кеңейеді. Қазіргі таңда терминал сағатына 30 жолаушыны қабылдай алса, жоба толық іске асқан соң бұл көрсеткіш 140 жолаушыға дейін артады.

Жаңарған әуежай терминалы өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтып, Ұржар ауданының туристік және инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді.

«ST»-ақпарат

**ТАШКЕНТТЕГІ ЗАМАНАУИ
BYD MEDICAL
САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНА
ШАҚЫРАМЫЗ!**

Біздің газет оқырмандарына арнайы –
10 АҚШ ДОЛЛАРЫ
КӨЛЕМІНДЕ ЖЕҢІЛДІК!

*Демалысыңызды пайдалы өткізіңіз –
денсаулығыңызды нығайтып,
сергектік пен қиы-қуат жинаңыз!*

**ДЕНСАУЛЫҚТЫ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ОРТАЛЫҒЫ**

10 КҮНДІК САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

- Түру (жайлы бөлмелер) 3 мезгіл тамақтану (диеталық) - Дәрігер кеңесі және диагностика (УДЗ, ЭКГ, анализдер) - Дәрілік терапия, тамшылатқыштар - Физиотерапия (Дарсонваль, Зунда, парафин) - Емдік массаж	- Фитотерапия (шеппен емдеу) - Озонотерапия - Лазеротерапия - Емдік дене шынықтыру (ЛФК) - Аромасуна, хиджама (кажетіне қарай) - Дәрігердің таулік бойы бақылауы
---	---

10 КҮНДІК КУРС

2 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ	250 000₸
3-4 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ	235 000₸

11 жасқа дейінгі балаларға 50% ЖЕҢІЛДІК

КЕЛЕСІ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Бауыр және өт қабы аурулары	Асқазан-ішек жолдары	Буындар ауруы	Жүрек-қан тамыр жүйесі	Иммунитетті нығайту	Шаршау, стресс	Ағзаны жалпы қалпына келтіру
-----------------------------	----------------------	---------------	------------------------	---------------------	----------------	------------------------------

ФИЗИОТЕРАПИЯ **ЕМДІК МАССАЖ** **ОЗОНОТЕРАПИЯ** **ФИТОТЕРАПИЯ** **ХИДЖАМА** **ЛАЗЕРОТЕРАПИЯ** **ТАМШЫЛАТҚЫШ**

ТРАНСФЕР ТЕГІН! *Өзіңіздің денсаулығыңызға инвестиция жасаңыз!*

БАЙЛАНЫС ҮШІН:
8705 465 22 75
8 778 929 14 53

RIZA BOL
ОРАМАЛДАРЫ

**Абай жырлаған
тылсым түн –
RIZA BOL
ОРАМАЛДАРЫНДА**

«Менің түнде жарық ай...»

Ұлы Абайдың мәңгілік жырына арқау болған айлы түннің тылсым сұлулығы, тұнық көлдің тыныштығы мен табиғаттың әсемдігі жаңа топтамада көркем өрнекке айналды.

ЖАҢА ТОПТАМАЛАРЫН ҰСЫНАДЫ!

RIZA BOL – Абай әлемінен шабыт алған эксклюзивті орамалдар топтамасын ұсынады.

Ұлттық рух пен заманауи талғамның үйлесімі.

Әр орамал фирмалық сыйлық қорыбы және сыйлық сөмкесімен бірге ұсынылады.

СЫЙЛЫҚ ҚОРАП ЖӘНЕ СЫЙЛЫҚ СӨМКЕСІ ТЕГІН!

САТЫП АЛУ ОРЫНДАРЫ:
«Абай есінен сары» фирмалық дүкені
Міңбақсай, Дулатұлы көшесі, 143
«Семей таңы» газетінің фирмалық бұтінгі
Абай облысы, Семей қаласы,
Қайым Мұхамедханов көшесі, 12

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:
8 777 276 90 74
8 778 929 14 53
8 705 465 22 75

RIZA BOL!
Жүрекке жақын,
сыйлыққа лайық.

RIZA BOL – Абай әлемінің әсемдігін жүрекке жақын орамаларға айналдырған ұлттық бренд.

Бүгінге – маржан

- * Күлкісі жарқын үйге бақ қонады.
- * Қарсыласынан жарты сағатқа ұзақтау төзген адам жеңеді.
- * Кейде бір парақ батып кетіп, тас жүзіп жүреді.
- * Күлімсіреп тұрған жүзге жебе оқтамайды.
- * Суық шай мен суық күріш-ке шыдауға болар, бірақ салқын көзқарас пен ауыр сөзге шыдау мүмкін емес.
- * Он жаста — данышпан, жиырмасында — кемеңгер, отыздан кейін — қарапайым адам.
- * Ойлансаң — шешім қабылда, шешім қабылдаған соң — ойланба.
- * Сұрау — бір сәттік ұялу, білмеу — өмірлік ұят, сүйекке таңба.
- * Көптің қолы — көмір, көптің сөзі — өмір.
- * Уақыт — алтын, ақыл — байлық.
- * Елдіктің өзегі — білік, кілті — тіл, қадір-қасиеті — кісілік.

СЕМЕЙ

Семей қаласындағы №3 арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Міне, жаз да өтті» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік кешке орталықтың қызмет алушылары қатысып, жаз бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылады.

«МІНЕ, ЖАЗ ДА ӨТТІ»: БЕЛСЕНДІЛІК – ҰЗАҚ ӨМІР КЕПІЛІ

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tany»



Ұйымдастырушылардың айтуынша, жаз мезгілін қызмет алушылар мазмұнды әрі белсенді өткізген. Түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға, шығармашылық және спорттық бағыттағы үйірмелерге қатысып, бос уақыттарын тиімді пайдаланған. Мерекелік кеш барысында жаз бойы еңбектің нәтижесі көрсетіліп, қызмет алушылар өз өнерлерін ортаға салды.

Концерттік бағдарламада ән айтылып, би биленіп, түрлі қойылымдар ұсынылды. Кеш барысында қонақтар мен қызмет алушылар үшін түрлі көңілді ойындар мен қызықты бағдарламалар да ұйымдастырылды.

Бүгін белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Міне, жаз да өтті» атты мерекелік концерт өтіп жатыр. Біз бұл жерде ән айтып, би билеп, көңіл көтерумен қатар, денсаулығымызды да нығайтамыз. Емдік дене шынықтырумен айналысып, скандинавиялық жүріске қатысамыз. Зейнет жасына дейін жұмыс басты болып жүрді. Енді бос уақытымыз көбейді. Осында келіп, орталық мамандарының көмегімен өзіміз де байқамаған қабілеттерімізді ашып жатырмыз. Әр мерекеге орай концерттік бағдарламалар дайындап, Абай театрында, Қарттар үйінде өнер көрсетіп жүрміз. Бүгін де орталыққа күндіз келіп жүрген жандарға өз өнерімізді көрсетуге келдік.

Бұл орталық бізге уақытымызды пайдалы өткізуге ғана емес, өмірге деген құлшынысымызды арттырып, белсенді болуға мүмкіндік беріп отыр. Осындай орталықтың ашылуына жағдай жасаған әкімдікке, аға буынға қамқорлық көрсетіп отырған мемлекетімізге және орталық қызметкерлеріне алғысымызды білдіреміз, – дейді орталықтың қызмет алушысы Гүлсім Жұмағазықызы.

Айта кетерлігі, облыс әкімдігінің қолдауымен орталықтағы өнерпаздарға ұлттық костюмдер тігілген. Көктемде облыс әкімі осы орталыққа келген кезде қызмет алушылар ұлттық костюмдер тігіп беруді өтінген болатын. Берік Уәлиұлы аға буын өкілдерінің өтінішін жерде қалдырмай, қолдау көрсетті. Міне, осы іс-шарада өнерпаздар сахнаға ұлттық киіммен шығып, өнерлерін көрсетті.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының басты мақсаты – егде жастағы адамдардың өмір сүру сапасын арттырып, олардың белсенді әрі өнімді өмір салтын ұстануына жағдай жасау. Мұнда қызмет алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, денсаулығын нығайтуға және жаңа дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік беретін түрлі бағыттар қамтылған. Атап айтқанда, йога, скандинавиялық жүріс, цифрлық сауаттылық, мотивациялық және кәсіпкерлік курстар, ағылшын тілі және шығармашылық үйірмелер жұмыс істейді.

Осындай орталықтардың арқасында зейнет жасындағы жандар қоғам өмірінен шет қалмай, өзара араласып, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік алып отыр. Ал «Міне, жаз да өтті» кеші – олардың жаз бойы уақыттарын тиімді өткізіп, белсенді өмір салтын ұстанғанын көрсетіп отыр.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Жыл басынан бері өңірдің білім беру ұйымдарында өрт қауіпсіздігі бойынша жүздеген сабақ пен оқу-жаттығу өткізілді. Ақпараттық түсіндіру жұмыстарымен ондаған мың бала мен ересек қамтылды. Мамандар балалардың қауіпсіз болуы үшін жазғы сауықтыру лагерьлерінің дайындығына да ерекше көңіл бөлуде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Абай облысы ТЖД МӘҚБ бастығының орынбасары Әсет Түйінбаев мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, білім беру ұйымдарында өрт қауіпсіздігі бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі. Негізгі мақсат – балаларға өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салу ғана емес, төтенше жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету.

Оқушылармен интерактивті және ашық сабақтар, дәрістер мен әңгімелесулер, викториналар мен байқаулар өткізіледі. Сондай-ақ өрт сөндіру бөлімдері мен өрт-техникалық орталықтарға экскурсиялар ұйымдастырылады. Есепті кезеңде 197 интерактивті және 311 ашық сабақ өткізілді. 116 экскурсия ұйымдастырылып, 163 дәріс пен әңгімелесу жүргізілді. Профилактикалық жұмыстардың маңызды бөлігі – практикалық оқу-жаттығулар. Барлығы

409 оқу-жаттығу өткізілді, – деді Әсет Түйінбаев.

Әсет Түйінбаев практикалық дайындықтың маңыздылығын атап өтті. Жаттығу кезінде балалар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері дабыл белгісі берілгеннен кейінгі әрекеттерді, ғимараттан ұйымдайсқан түрде шығуды және эвакуация кезінде белгіленген тәртіпті сақтауды пысықтады.

Оқу-жаттығу барысында ғимараттан шығу ғана емес, дабыл белгісін алғаннан кейін қалай әрекет ету керектігі де пысықталады. Қатысушылар сабыр сақтап, жауапты тұлғалардың талаптарын орындауы тиіс. Мұндай дағдылардың маңызы зор. Себебі төтенше жағдайда дұрыс әрі жедел әрекет ету дүрбелеңнің алдын алып, қауіп-қатерді

азайтуға мүмкіндік береді, – деп атап өтті спикер.

ТЖД жазғы сауықтыру науқаны кезінде балалар лагерлерінің жағдайына да бақылауда ұстайды. Быыл мамандар 10 насанды тексеріп, өрт қауіпсіздігі талаптарының 181 бұзушылығын анықтаған.

Тексерілген нысандарда анықталған бұзушылықтарды жою бойынша бақылау жалғасуда. Негізгі назар балалардың қауіпсіз жағдайда болуына, өртке қарсы қорғаныс жүйелерінің жарамдылығына, эвакуациялық жолдардың ашық болуына және қызметкерлердің өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауына аударылады, – деді Әсет Түйінбаев.

Профилактикалық жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, радио және басқа да

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің әскери бөлімдеріндегі инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары жалғасын келеді. Соның бір дәлелі – өңіріміздегі Қасым Қайсенов атындағы 68303 әскери бөлімнің жаңартылған казармасының пайдалануға берілуі.

Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов қатысты.

Іс-шара барысында министр жаңартылған ғимаратты аралап, әскери қызметшілерге жасалған жағдайлармен танысты. Заманауи талаптарға сай жөнделген казармада мерзімді қызметтегі сарбаздардың тұруына, тынығуына және күнделікті қызметін атқаруына қажетті жағдайдың барлығы қарастырылған.

Бөлмелердің орналасуы да барынша тиімді ұйымдастырылған. Бұл сарбаздарға оқу-жаттығулар мен кезекшіліктен кейін жақсы тынығып, келесі қызмет күніне тыңғылықты дайындалуына мүмкіндік береді.

ТЖМ баспасөз қызметінің мәліметінше, әс-

ТЖМ ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ КАЗАРМАСЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ



кери бөлімнің тарихы 1959 жылдан басталады. Осы жылдар ішінде бөлім азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайларға ден қою бағытында маңызды міндеттер атқарып келеді.

Әскери бөлім ұжымы қалыптасқан дәстүрді сақтай отырып, инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңғыртып, жеке құрамның көсібі даярлы-

ғын жетілдіруге басымдық беріп отыр. Жаңарған казарма да осы жұмыстардың бір бөлігі. Мұндағы мақсат – әскери қызметшілерге қолайлы жағдай жасау ғана емес, олардың қызмет атқаруына қажетті заманауи орта қалыптастыру.

Іс-шара кезінде министрге әскери бөлім аумағындағы нысандарды жетілдіру жоспарлары да таныстырылды. Әсіресе қауіпсіздік мәселесіне ерекше мән берілген. Шыңғыс Әріновке жасанды интеллект технологиялары негізінде жұмыс істейтін бейнебақылау жүйесі көрсетілді. Заманауи жүйе әскери бөлім аумағын бақылау мүмкіндігін кеңейтіп, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосымша мүмкіндік береді.

Жаңарған нысан – әскери қызметшілер үшін жасалған жайлы жағдайдың ғана емес, ТЖМ жүйесіндегі жаңғыру үдерісінің де көрінісі.

Салтанатты шара соңында министр үздік әскери қызметшілерді және өзара іс-қимыл жасайтын құрылымдардың өкілдерін адал қызметі мен әскери бөлімнің дамуына қосқан үлесі үшін марапаттады.

«СТ» - ақпарат

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ 28,35 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

Қазақстандықтардың «БЖЗК» АҚ-дағы (БЖЗК, Қор) зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 тамызына 28,35 трлн теңге болды. 12 айдағы өсім – 3,50 трлн теңге немесе 14,1%. Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) қалыптасқан. 2026 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша жарнаның бұл түрінің есепті күндегі көлемі – 26,31 трлн теңге, 12 айда 2,69 трлн теңгеге немесе 11,4% өсті.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары 12 айда 6,6%-ға ұлғайып, 751,56 млрд теңгеден асты. Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақ көлемі де ұлғайды: 2026 жылғы 1 тамызға оның көлемі 10,41 млрд теңге болып, 12 айда 14,9% өсім көрсетті.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) да айтарлықтай ұлғаюда. 12 ай ішінде 2,5 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 тамызына 1 273,93 млрд теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы 7 айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 2 127,27 млрд теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 15,7%-ға (немесе 289,09 млрд теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы 1 тамызға дейін 1 630,80 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (ЖЗШ көлемі 8,1%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 87,69 млрд теңге (өсім – 11,0%), ЕЗЖ – 1251,28 млн теңге түсті). Жыл басынан бастап 01.08.2026ж. жағдай бойынша ЖМЗЖ есебінен жарналар 407,53 млрд теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына түскен таза инвестициялық кіріс 01.08.2026ж. жағдай бойынша 1233,05 млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2026 жылғы қаңтар-шілде айларында БЖЗК-дан жарналардың барлық

түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 1083,51 млрд теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 170,95 млрд теңгеге жетті. БЖЗК-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 38 993 теңге.

2026 жылдың басынан бастап 01.08.2026 жылға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 435,20 млрд теңге, мұрагерлік бойынша 63,06 млрд теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 28,13 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 2,05 млрд теңге, жерлеуге – 5,56 млрд теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 378,56 млрд теңге аударылды.

ЖЗШ саны

2026 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша БЖЗК-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 18,89 млн бірлік (12 айдағы өсім – 1,12 млн бірлік немесе 6,3%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗК-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 тамызында 12,84 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,39 млн – МЗЖ бойынша, 789,48 мың – МКЗЖ бойынша, 463,69 мың – ЕЗЖ есептелетін шоттар. Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,39 млн бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресімдемеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗК-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 6,06 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат epnf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

Тираж 30 155



Кезекші редактор Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИҚЫЗЫ

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

Директор – Бас редактор
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың орынбасары
Роза ПУШПАКОВА

ABAI AIMAQ
медиахолдингі

www.semeytany.kz

www.semeytany.kz
Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу күнелігі № KZ49VPY0012173, 05.06.2025 ж.

Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Баспас шығару баспасы» «Рекламның дайындығы» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басшылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Атпасына екі рет – сейсенбі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада – 8 776 740 87 21, Бесқарағайда – 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: ҒИБАНШ, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі – 52-36-57; бас редактор – 52-04-75; редактордың орынбасары – 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі – 56-08-03; факс – 52-04-75; бухгалтерия – 52-38-32